

Цифрландыру дәуірінде бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін инновациялық технологиялар негізінде дамыту білім берудің өзекті және маңызды міндеті болып табылады. Цифрландыру білім беру процестерін өзгертеді, оқытуды икемді, жекелендірілген және нәтижеге бағытталған етеді. Шығармашылық, тек өнерге ғана қатысты емес, сонымен қатар сыни ойлау, проблемаларды шешу және бейімделу сияқты 21 ғасырдың негізгі дағдыларын қалыптастыру үшін өте маңызды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы (2024 жылдың 1 сәуіріндегі өзгерістермен толықтыруларымен.).
2. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы (ҚР Оқу-ағарту министрінің 23.09.2022ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен).
3. Esquivias B. B. Invención, traza y proyecto. El proceso arquitectónico en las Obras Reales de la Casa de Austria //Artigrama: Revista del Departamento de Historia del Arte de la Universidad de Zaragoza. – 2016. – №. 31. – С. 279-306.
4. Nepstad D. C. et al. The effects of partial throughfall exclusion on canopy processes, aboveground production, and biogeochemistry of an Amazon forest //Journal of Geophysical Research: Atmospheres. – 2002. – Т. 107. – №. D20. – С. LBA 53-1-LBA 53-18.
5. Торранс П. Тест творческого мышления //Ильин ЕП Психология творчества, креативности, одарённости. М. – 2013. – С. 63.
6. Кудусова Э. Н. Вариативность в структуре творческого мышления //Проблеми сучасної педагогічної освіти. Педагогіка і психологія. – 2013. – № 38 (2). – С.43-50.
7. Borankulov E. K. Эффективные пути развития креативности у личности //Bulletin of LN Gumilyov Eurasian National University. Pedagogy. Psychology. Sociology series. – 2023. – Т. 143. – №. 2. – С. 37-43.
8. Смагулов Е. Ж., Джакупова А. Н. Білім алушылардың оқу үдерісін ұйымдастыруда ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың орны //The IX International Science Conference «Integration of scientific bases into practice», April 13–14, 2021, Osaka, Japan. 107 p. – 2021. – С. 63.
9. Каплан Б. С., Жумагулова К. А. Білім беру үдерісіндегі оқытудың инновациялық әдістері //Publisher.agency: Proceedings of the 1 st International Scientific Conference «Research Reviews» (December 26-27, 2022). Prague, Czech republic, 2022. 237p. – Tomas Bata University in Zlín, 2022. – С. 127.

ӘОЖ 371.3

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ШЕТ ТІЛДІК КОММУНИКАТИВТІК ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ЦИФРЛЫҚ КОНТЕНТТІң ТИІМДІЛІГІ

Абитаева А.Б., Мухаметжанова А.О.

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан

Бастауыш білім беру мазмұны жаңартылған мемлекеттік стандарттар мен оқу бағдарламаларына сәйкес, оқушылардың тілдік құзыреттілігін ерте кезеңнен дамытуға бағыттала отыр. Білім беруді дамытудың қазіргі кезеңі цифрлық экономика мен цифрлық қоғамға көшудің жаһандық үдерістерінен туындаған цифрландыру үдерісімен сипатталады. Global Education Futures «Күрделі қоғам үшін білім беру» баяндамасына сәйкес білім беруді цифрландыру «біздің болашағымызды айқындайтын мегатренд» болып табылады [1]. Осы орайда, мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2023 жылдың 1 қыркүйекте «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауы. Аталмыш Жолдауда: «Менің цифрландыру ісіне және инновацияны енгізу мәселесіне баса мән беретінімді баршаныз білесіздер. Біздің маңызды стратегиялық міндетіміз – Қазақстанды IT мемлекетке айналдыру. Цифрландыру ісінде нақты жетістіктеріміз де жоқ емес. Үкімет жасанды

интеллектіні дамыту ісіне баса назар аударуға тиіс», - деп цифрландыру үдерісінің өзектілігінің күн санап артып келе жатқанын ерекше атап өткен [2].

В.Л.Назаровтың ойынша, білім беруді цифрландыру—әлемдік әлеуметтік, экономикалық, индустриялық, әсіресе білім беру жүйесінің өзекті тренді. Пандемия кезінде әлемнің көптеген дамыған елдеріндегідей, Қазақстанда да білім беру негізінен әртүрлі цифрлық құралдар арқылы іске асырылып, қашықтықтан оқытуға шұғыл көшу жүзеге асырылды. Аталмыш қашықтықтан оқытуға шұғыл көшу білім беру саласындағы бірқатар бағдарламалық құжаттардың стратегиялық мақсаты ретінде белгіленген цифрлық трансформацияны қарқындатуға себеп болып қана қоймай, сонымен қатар білім сала-сындағы реформалардың нәтижелерін тексеруге мүмкіндік берді [3].

Оқушылардың цифрлық құзыреттіліктерін дамыту болашақта олардың алған білімінің экономикалық қайтарымын еселендіре алады, ал қазір олардың цифрлық құзыреттіліктерінің дамуына қажетті көңіл бөлмеу оқушылардың білімінің сапасын төмендетіп, болашақта оқушылардың бәсекеге қабілеттілігін төмендетуі әбден мүмкін. Білім беруді цифрландыру мәселесі Қазақстанның да, бүкіл әлемнің де педагогикалық ортасында қызу талқыланылып жүрген мәселелердің бірі. Сондықтан бұл мәселе бойынша әр түрлі аспектілі, жан – жақты мысалдар аз емес.

Білім беруді цифрландыру үдерісінде нормативтік құжаттардың мазмұнында қарастырылған талаптарды орындауға баса көңіл аудару қажет. Ал орта білім беру жүйесінің негізгі нормативтік құжаты - мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт. Жаңа білім беру стандарттарына сәйкес шетел тілін оқытуда коммуникативті тұғырды қолданудың мәселелері мен міндеттері ерекше маңыздылыққа ие болып отыр, өйткені коммуникативті құзыреттілік интегративті, шетел тілін меңгеруде практикалық нәтижеге қол жеткізуге бағытталады.

Бастауыш мектепте шетел тілін оқытудың негізгі мақсаты бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыру, яғни шетел тілінде тұлғааралық және мәдениетаралық қарым-қатынасқа түсуге қабілет болып табылады. Бастауыш білім берудің мазмұны үштілді білім беру саясаты шеңберінде іске асырылады. Үштілді білім берудің мақсаты көптілді тұлғаны – кемінде үш тілді меңгерген, қызметтің алуан түрлі саласында үш тілде диалог жүргізе алатын, өз елінің мәдениетін бағалайтын, басқа елдердің мәдениетін түсінетін және сыйлайтын Қазақстанның азаматын қалыптастыруға негізделеді [4].

Бүгінгі таңда білім беруде цифрлық технологияларды тиімді пайдалану оқушылардың белсенді оқуына, жеке траектория бойынша дамуына мүмкіндік береді: Әсіресе, шет тілі пәнінде түрлі цифрлық контенттерді: мультимедиялық ресурстарды, интерактивті тапсырмаларды, бейнесабақтар мен онлайн платформаларды пайдалану - оқушылардың тілді меңгеруге деген қызығушылығын арттырып, тілдік орта қалыптастыруға жағдай жасайды.

Оқушыларға қойылатын келесі талаптарды бөлін көрсетуді жөн санадық:

1. ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана білу;
2. коммуникацияның түрлі тәсілдерін, оның ішінде тілдік дағдыларды меңгеру;
3. қазіргі заманның жоғары сұраныстарына сәйкес болуы [5].

Аталмыш талаптарға сай қазіргі таңда оқушылар білім алу үдерісінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды жетік меңгеріп, заманауи қоғамның динамикалық сұраныстарына, яғни білім беру үдерісінің цифровизациясына, қоғамда, білім беру үдерісінде болып жатқан өзгерістерге икемді болуы қажет. Қазіргі таңда көптеген ғалымдардың еңбектерінде білім беруді ақпараттандыру үдерісі аяқталып, технологияның дамуының жаңа кезеңіне, яғни «білім беруді цифрландыру» кезеңіне өткендігі туралы айтуда [6]. Оған себеп, білім берудің барлық сатыларында білім беру мекемелері компьютерлермен, қажет техникалық құралдармен қамтылып, оқытушылар мен мұғалімдер оқу үдерісінде АКТ технологияларын қолдану жайлы қайта даярлауды өтті. Қоғам дамуының жаңа кезеңі «цифрландыру» атауына ие болып, қазіргі таңда қоғамның дамуының, алға басуының мегатренді болып отыр. Цифрландыру үдерісі цифрлық технологиялардың материалдық және әлеуметтік – гуманитарлық технологиялармен, оның ішінде білім беру үдерісімен терең конвергенциясы ретінде қарастырылады.

Т.В.Никулина и Е.Б.Стариченконың ойынша, білім беруді цифрландыру оқыту үдерісінің үздіксіздігін қамтамасыз етуге (life long learning), сонымен қатар, білім беру үдерісінде үлкен деректерді (big data), виртуализацияны, геймификацияны, виртуалды және толықтырылған шындықты (VR, AR), бұлтты технологияларды және т.б. қолдана отырып ілгерінді оқыту технологиясы (advanced learning technologies) негізінде білім беру үдерісін жекелендіру, даралау болып табылады [7].

Білім беру үдерісінде цифрлық технологияны тиімді қолдану, оқушыларды үлкен деректер аумағында қажет ақпаратты табуға, саралауға үйретіп, оқушылар бойында 21 ғасыр тұлғасына қажет құзыреттіліктерді қалыптастыруға, оның ішінде цифрлық құзыреттілікті қалыптастыруға себеп болады.

Осыған орай, цифрлық контенттерге негізделген шет тілін оқыту – бастауыш мектеп оқушыларының шет тілдік коммуникативтік дағдыларын тиімді қалыптастырудың заманауи және әлеуетті бағыты ретінде қарастырылуы орынды. Бұл мақалада аталған мәселенің ғылыми негіздері талданып, цифрлық контенттің тиімділігін сипаттайтын тұжырымдар ұсынылады.

Бастауыш мектептегі ағылшын тілі мұғалімдері үшін пайдалы болатын интернет-ресурстар талданды. Осының негізінде 1-кестеде цифрлық оқыту контентін құрудағы негізгі халықаралық онлайн платформалардың мүмкіндіктері қарастырылған.

Кесте 1. Цифрлық оқыту мазмұнын құрудағы негізгі халықаралық онлайн платформалардың мүмкіндіктері

№	Онлайн платформаның атауы	Мүмкіндіктері	Дереккөз
1	Edpuzzle	Бұл сайт ағылшын тілінде білім алушылар үшін әдемі интерактивті бейне сабақтарын құруды жеңілдетеді. Сондай-ақ, оқушылардың үлгерімін ыңғайлы статистика арқылы бақылауға мүмкіндік береді	https://edpuzzle.com
2	LearningApps	Викториналар, кроссвордтар сияқты әр түрлі деңгейдегі интерактивті тапсырмаларды құруға арналған платформа	https://learningapps.org
3	Trello	Бұл сіздің жобаларыңызды басқарудың және кез келген нәрсені ұйымдастырудың қарапайым, ақылсыз, икемді және көрнекі тәсілі	https://trello.com
4	Nearpod	Бұл бірнеше минут ішінде интерактивті сабақты табуға немесе жасауға көмектесетін оқу платформасы	https://nearpod.com
5	Classroom screen	Платформа компьютердің жұмыс үстеліне ұқсас онлайн платформа. Экранның төменгі жағында сыныпта кез келген уақытта пайдалануға болатын көптеген виджеттері бар. Мысалы, QR коды, сурет, мәтін, бағдарша, таймер, маркер тақтасы және т.б.	https://classroomscreen.com
6	Padlet	Оқу процесінде әртүрлі тәсілдермен қолдануға болатын білім алушылармен бірлесіп жұмыс істеуге арналған онлайн тақта	https://padlet.com
7	Quizizz	Ойындар, викториналар, тесттер арқылы интерактивті тапсырмалар ретін ұйымдастыруға және өткізуге арналған сайт. Осы платформа білім берушілер мен мұғалімдерге ұйымдастырып, әр оқушының нәтижелерін бақылап алады	https://quizizz.com
8	DuoLingo	Шетел тілдерін үйренуге арналған геймификацияланған қызмет	https://duolingo.com

Контент анализдің нәтижесінде аталмыш оқулықтардың мазмұнында қазақстандық қоғамның рухани-адамгершілік ерекшеліктері мен мәдени құндылықтарына жете көңіл бөлініп, ескерілмегеніне көз жеткіздік. Аталмыш құндылықтардың маңызы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында Отанға ұтымды және эмоционалды қатынасты біріктіруге бағытталған «Туған жер» атты арнайы жобаның маңыздылығын атап өткен. Бұл бағдарламада туған жерге, оның мәдениетіне, әдет-ғұрыптары мен дәстүрлеріне деген сүйіспеншілікпен көрсетілген патриотизм адамның мәдени-генетикалық кодының негізі болып табылатындығы ерекше атап өтілген [8].

Оқушылардың жас, рухани-адамгершілік және психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін ескеретін сапалы цифрлық контентсіз білім берудің цифрлық трансформациясы жағдайында бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдерін оқыту процесі мүмкін емес. Бастауыш сынып оқушыларының цифрлық және шетел тілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру үшін құрылған авторлық оқу кешені олардың білімінің, сондай-ақ тиісті саладағы цифрлық және коммуникативтік дағдыларының өсуін қамтамасыз ете отырып, өзінің тиімділігін дәлелдеді

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Образование для сложного общества «Образовательные экосистемы для общественной трансформации» Доклад Global Education Futures // <http://vcht.center/wp-content/uploads/2019/06/Obrazovanie-dlya-slozhnogoobshhestva.pdf>
2. Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауы 1 қыркүйек 2023 ж., Астана // www.akorda.kz
3. Назаров В.Л. Шоковая цифровизация образования: восприятие участников образовательного процесса /В.Л.Назаров,Д.В. Жердев, Н.В. Авербух// Образование и наука. —2021. —№23 (1). —С. 156–201
4. Нұрғалиева Г.Қ. Электрондық оқулықтар-мұғаліммен оқушы арасындағы әрекеттестікті гуманизациялау құралы // «Информатика негіздері». – 2002. -№ 2. - 2-3б.
5. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы. // <https://adilet.zan.kz/>
6. Анурова, Н. И. Цифровые технологии в образовании / Н И. Анурова. – Текст: непосредственный // Цифровое общество как культурноисторический контекст развития человека: сборник научных статей / под общей редакцией Р. В. Ершовой; Государственный социально-гуманитарный университет. – Коломна: ГСГУ, 2018. – С. 29–32
7. Никулина Т.В. Информатизация и цифровизация образования: понятия, технологии, управление / Т.В. Никулина, Е.Б. Стариченко // Педагогическое образование в России. – 2018. – №8. – С. 107–113
8. Статья Главы государства «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» от 12 апреля 2017г. https://www.akorda.kz/ru/events/akorda_news/press_conferences/statva-glavy-gosudarstva-vzglyad-v-budushchee-modernizaciva-obshchestvennogo-soznaniva

ӘОЖ:378.015.3:005

БІЛІМ САЛАСЫ МЕНЕДЖЕРЛЕРІНІҢ МАРКЕТИНГТІК ІС-ӘРЕКЕТТІНДЕ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

**Ағанина К.Ж., Хамитова Н.
Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы, Қазақстан**

Елімізде білім берудің дамуы мен оны басқарудағы негізгі ерекшеліктерінің бірі олардың әлемдік қауымдастықтың жаһандану-интеграция жағдайындағы жалпы әлеуметтік жүйеге өтуі болып табылады. Осындай жағдайда кез-келген жүйені басқару тұтас үрдіс және объектінің құрамдас элементтері арасындағы күрделі ішкі және сыртқы байланыстардың барлық жиынтығын ескере отырып, ХХІ-ғасыр талаптарына сай құрылуы тиіс.

Білім берудің реформалары мен жанаруы жағдайында педагогикалық үрдістің гуманистік бағытын инновациялық педагогиканың көрінісі деп есептеуге болады. Нарықтық экономика жағдайында кез-келген білім беру мекемесінің қызметінің тиімділігі көпшілігінен қазіргі таңдағы менеджменттің әдістері мен принциптерін инновациялық тұрғыда қолдануға байланысты екені белгілі [1].

Қазіргі заман талаптарына жауап бере алатын білім саласы менеджерлерінің құзыреттіліктерін іріктеу, оларды жаңа инновациялық технологиялар көмегімен қалыптастырудағы білім мазмұны мен әдіс-тәсілдерін құрастыру мәселелері осы саланы зерттеуші ғалымдардың өзекті зерттеулеріне айналуға

ЖОО-да білім беру саласы менеджерлерін даярлауды жетілдірудің бірнеше бағыты бойынша зерттеу жұмыстарында мәселелерді магистранттар мен докторанттарымыздың ғылыми жобалары, диссертациялық жұмыстары тақырыптарының негізі етін алу арқылы жүзеге асыру өз тиімділігін көрсетуде [2].

Қазіргі жаһандану дәуірінде білім беру саласы үлкен өзгерістерге ұшырауда. Білім беру ұйымдары тек академиялық жетістіктерімен ғана емес, сондай-ақ бәсекеге қабілетті маркетингтік